

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

07 тамыз 2023 жыл

KASE Басқармасының құрамын өзгерту

Қазақстан қор биржасының директорлар кеңесінің (KASE) шешімімен 2023 жылдың 08 тамызынан бастап KASE Басқармасының құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- Басқарма төрағасының орынбасары Хорошевская Наталья Юрьевна басқа жұмысқа ауысуына байланысты Басқарма құрамынан шығарылды;
- Аманжолова Дана Мұратбекқызы, KASE басқарушы директоры, үш жылға өкілеттік мерзімімен (2023 жылдың 08 тамызынан 2026 жылдың 01 шілдесіне дейін) Басқарма мүшесі болып сайланды.

Дана Аманжолова Биржадағы еңбек жолын 2019 жылдан бастап Листинг департаментін басқара бастады. 2021 жылы Басқарушы директор, Ақпарат және статистика департаментінің директоры лауазымына ауыстырылды.

Дана Аманжолованың қаржы секторында 22 жыл жұмыс тәжірибесі бар, оның ішінде 18 жыл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінде (ҚҚА) еңбек етті. Әр жылдары Дана Аманжолова Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органда Стратегия және талдау департаментінде, бағалы нарық субъектілерін қадағалау департаментінде басшылық лауазымдарды атқарды.

Қаржы саласындағы еңбек қызметі барысында Дана Аманжолова бағалы қағаздар нарығын дамытуға бағытталған заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды әзірлеуге белсенді қатысты, бағалы қағаздар нарығының субъектілері мен жинақтаушы зейнетақы қорларын қашықтықтан қадағалауды жүзеге асырды.

Осылайша, KASE Басқармасы бес адамнан тұратын болады:

- Алдамберген А.Ө., Басқарма Төрайымы;
- Мәжекенов Е.Б., Басқарма төрағасының орынбасары;
- Саржақов Ж.Н., Басқарма төрағасының орынбасары;
- Цалюк А.Ю., Басқарма төрағасының орынбасары;
- Аманжолова Д.М., басқарушы директор – Басқарма мүшесі.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz..